

15.12.2021 ж. № M00014

Инновация, білім сапасын арттыруда жаңа технологиялар

АБЛАЕВА ЖАНАРГУЛЬ САГИДУЛЛАЕВНА

*Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы «Кел балалар» мектепке
дейінгі ұйымының меңгерушісі*

Еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің келешек ел қожасы – жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Қазіргі таңда еліміздің келешегін, нағыз өз елін сүйетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу - біздің басты парызымыз. Жас жеткіншектерді тәрбиелеуде, білім беруде алдына қойған басты мақсат - білім беру мен тәрбие үрдісіне инновациялық қызметті енгізу арқылы білім сапасын арттыру, өз ұлтының тарихын, мәдениеті мен тілін қастерлейтін және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу.

Қазір еліміз өркендесін, өссін деген саналы адамның ойында алдымен Елбасының елу елдің қатарына қосылуы туралы зор мақсаты тұр. Қазір мемлекетіміздің басшысы ғылымды да, білімді де осы мақсат жолына бағыштап отыр. Президент Жолдауындағы білім алдына қойылған міндеттер өте маңызды. Егер біз жоспарлар мен іс-әрекеттерімізде жүйелік пен іскерлікке жетсек, онда бұл міндеттерді орындау әбден мүмкін.

Қазіргі инновациялық технология туралы айтатын болсақ, технология грек сөзінен, яғни өнерпаздық, шеберлік, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология. Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, «Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз».

Жаңа инновациялық технологияның басты тиімділігі бұл оқытушыға оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, білім алушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасайды.

Қазіргі заманның даму қарқыны балалардың шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде педагогтардың инновациялық іс-

әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да балалардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді. Бүгінгі мақсат - әрбір балаға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

«Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу - біздің мақсатымыз. Сондықтанда жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін педагогтің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Мақсаты-оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, баланы оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез -келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір педагог үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа педагог үшін өтілген материал тәрізді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі таңдағы білім беру инновациялық технология түрлері:

1. Денсаулық сақтау технологиясы
2. Жобалы-іс шығармашылық технологиясы
3. Зайцев технологиясы
4. Әуенді кесте технологиясы
5. Дамыта оқыту технологиясы
6. Ақпараттық қатынастық технология
7. Ойын технологиясы
8. ТРИЗ технологиясы.

Дамыта оқытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғары технологияның, ғылым мен білімнің заманы.

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Қорыта келгенде, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн деп санаймын. Әдебиеттер.

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Жолдау.
2. Б.А.Тұрғынбаева. «Дамыта оқыту технологиялары» // Алматы, 2000 ж.
3. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі
//Алматы 2001 - 75 б.
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде
//Алматы – 2006ж. 4-5 бет.
5. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі - сапалы білім // Қазақстан мектебі № 4. 2008ж.

15.12.2021 ж. № M00015

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудағы ұсақ моториканың маңызы

АБИЛ РЫСКУЛЬ АХМЕТОВНА

*Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы «Кел балалар» мектепке
дейінгі ұйымының әдіскері*

Қазіргі таңда ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Ұсақ қол моторикасы термині саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде? Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Ерте жастан қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу әрекеті пайда болады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды.

Жалпы моториканың дамуының аздығын, соның ішінде қол қимылының аздық себебін зерттей келе қазіргі заманғы барлық баланың жазуға дайын еместігі немесе тілінің дамуында бір ақау бар екендігі анықталды. Осыдан келе мынадай қорытынды шығаруға болады: егер тілінің дамуында ақау болса, онда бұл ұсақ моториканың мәселесі.

Тіпті баланың сөйлеу тілі қалыпты болған жағдайда бұл қолын басқаруы қалыпты деген сөз емес. Өкінішке орай көп ата-ана қолдың икемі мен ұсақ моториканың даму деңгейінің төмендігін тек мектепке барарда ғана байқайды. Бұл балаға өте ауыр жүк. Жаңа хабарларды қабылдаумен қатар, икемге келмейтін саусақтарымен қарандашпен жазып үйренуі керек. Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу, қозғалыс- әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысының дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек деп ойлаймын.

Егер сіз 3 жастағы баланың тілінің дамуында ақау болмасын десеңіз, сонымен қатар балаңыздың мектепке барғанда жазуда қиындық болмасын десеңіз ойын – жаттығуларын бала туылған соң екі айдан кейін бастағаныңыз жөн. Ұсақ моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Омыраудағы баланың саусақтарын уқалауға болады, жас жарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады. Мысалы, баланың бас бармағын жаймен сипап отырып, оған былай деңіз: «Саусақ – бала сен қайда болдың?» Содан соң бас бармақты балаң үйрекпен түйістіре отырып, «мына саусақпан орманға бардым», ортан түйрекпен түйістіре отырып, «мына саусақпен бауырсақ

пісірдім», деп осылайша жалғастырып басқа саусақтармен де «мына саусақпен ботқа жеп, мына саусақпен ән салдым» деп аяқтайсыз. Балаларға бұл жаттығу қатты ұнайды, уақытты да көп алмайды, ал пайдасы оның өте көп.

Ұсақ қол моторикасын дамыту және қозғалысын үйлестіру әдіс – тәсілдерді ұсынамын:



- қол мойнына массаж;
- саусақ гимнастикасы, сергіту сәттері;
- саусақ ойынды тақпақтар мен жаңылтпаштар;
- саусақтық театр;
- ермексаз және тұздалған ұннан, табиғи материалдардан жапсыру жұмыстарын мүсіндеу (тұқым, жарма, ұлу қабыршықтары және т.б.);
- сызудың дәстүрлі емес техникасы: қылқалам, саусақ, тіс щеткасы және май шам және т.б.;
- құрылыс жасау: қағаздан, ЛЕГО конструктор;
- бастырмалардың түлері;
- графикалық моториканы дамыту;
- трафаретпен сурет салу;

- суретті аяқтау (симметрия принципі бойынша);
- лабиринттер
- дидактикалық ойындар
- М. Монтессори әдісі
- Кіші заттармен ойнау
- пазл, мозаика қолдану

Қолдың саусақ қызметін анықтайтын бірыңғай ұғым әдебиетте кездеспейді. Десек те оларды жинақтасaq: қолға арналған гимнастика, саусақ гимнастикасы, саусақ ойындары мен жаттығулары, саусақ ойын тренингі, массаждар жатады. Бір жастан асқан балалар үшін – саусақ бассейні әдістемесі өте пайдалы. Бір ыдысқа 1 кг бұршақты немесе фасольді төгеміз де ішіне баланы қызықтыратын бір ойыншықты көміп қоямыз. Содан соң оны тауып беруін өтінеміз. Бұл қызықтыру жаттығуы кезінде баладан алыстап кетпеңіз. Себебі ұсақ нәрселерді аузына салып алу қаупі бар.

Мысалы: Саусақ ойындары мен жаттығуларын орындату үшін де әр түрлі тәсілдер қолданылады. Саусақ қозғалыстары әр түрлі қысқа ырғақты тақпақтарымен айтылады.

Ол екіге бөлінеді:

Отырып ойнайтын саусақ ойындары.

Қолдың нәзік бұлшық еттерімен бірге дененің барлық мүшелері қатысып секіру, бір орында жүгіру, қол, аяқ, бас қимылдары да бірге орындалады.

Ұсақ қол қимылдары тек сөйлеумен ғана емес, сондай ақ зейін, ой, оптикалық- кеңістікті бағдарлау, қиял, байқампаздық, көру және қимыл-қозғалысты ес тәрізді сананың жоғары қасиеттерімен өзара тығыз байланысты.

Әдебиеттер.

1. Балалардың ұсақ қол моторикасын ойын арқылы дамыту: әдіс құрал/А.Т.Боранбаева–
Көкшетау 2016 ж.–56 бет.

2. «Развиваем мелкую моторику» Ткаченко Т.А., Издательство ЭКСМО 2007.

15.12.2021 ж. № M00016

Ұлттық тәрбие негізі – балабақшада

НАУРЫЗОВА ШАРА МЕЙРАМБЕКОВНА

*Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы «Кел балалар» мектепке
дейінгі ұйымының тәрбиешісі*

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі–әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде мектепке дейінгі мекемеде атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің балабақша атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Балабақшаға ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші–ата-анасынан, екіншісі–ұстазынан, үшіншісі–құрбысынан»,–деген екен. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М.Жұмабаев болды. Ол педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатыны жайлы айтқан. «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті».

Біздің елімізде бала ерекше халық. Ерекше болатыны сәби алғаш дүниеге келгеннен бастап, айналасын ерекше шаттыққа, ерекше сезімге бөлейді. Күнделікті өсіп келе жатқан баланың әр қылығы ата-ана үшін қуаныш, бақыт.

Ата-аналар А.С.Макаренконың «Балаларды тәрбиелеу–біздің өміріміздегі ең жауапты сала. Дұрыс тәрбиелеу–бұл біздің бақытты қарттық шағымыз, жаман тәрбиелеу–бұл біздің келешек қасіретіміз, бұл біздің көз жасымыз, бұл біздің басқа адамдар алдындағы, бүкіл ел алдындағы айыбымыз»– деген пікірінің мағынасын түсінуі тиіс. Сондықтан әр отбасында ата-ана өз баласының инабатты, тәрбиелі де әдепті, адамгершілігі зор азамат болып өсуі үшін, ұлттық тәрбие бере білуі керек.

Әр ата-ана баласының денсаулығы мықты, ержүрек, қайсар, батыл болып өсуіне жауапты. Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шахановтың: «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек»,–дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін ат салысуымыз қажет. Ол үшін біз, ұстаздар қауымы, балаларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың

тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын діңгегін түсіндіре білуіміз керек. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу тәрбиешілер мен ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Өйткені бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы–отбасында, екінші–балабақшада болғандықтан, ата-ана мен балабақша, яғни тәрбиешілер мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе екені баршамызға аян.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды». Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға біліммен қатар, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім–адамзаттың хас жауы»,– деген екен. Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлерін оқып үйрену, өнеге тұту, жас ұрпақты ізгілікке баулу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ұлттық тәрбиенің құдыретін қанша айтсақ та, түгесу мүмкін емес. Осындай ұлы тәрбие ізгіліктері бала кезден, бала кезеңнен бастау алмаса, кейін өте қиынға соғатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

Сондықтан да, халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап, балабақшадағы тәрбие жұмысын кеңінен ұйымдастыра білуіміз керек. Адам баласы дүниеге келгеннен бастап, үнемі салт-дәстүр аясында өседі. Топ бөлмелеріне Ұлттық бұрыш ұйымдастырдық. Бала күнделікті ұлттық бұрыштағы заттарды көре отырып, өз ұлтының ұлттық жиһаздарына көзі қанық болады. Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктерде де ұлттық салт дәстүр насихатталады. Ұлттық тәрбиенің өзі күнделікті барлық оқу іс-әрекетінде баланың бойына сіңе бастайды. Ол үшін біз, ұстаздар қауымы, балаларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын діңгегін түсіндіре білуіміз керек. Баланың жас ерекшелігіне сай ауыз әдебиеті үлгілерін пайдаланамыз. Түрлі тек қазақ ертегілері, жаңылтпаштар, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, тыйым сөздер, жұмбақтардың мағынасы да ұлттық тәрбие беруге бағытталуы тиіс деп міндеттелген болатын. Дене тәрбиесі оқу іс-әрекетінде де түрлі ұлттық ойындар ойнатамыз. Ән оқу іс-әрекетінде ұлттық аспаптармен таныстырылады.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу тәрбиешілердің ата-аналармен жүйелі түрде қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Ата-аналармен байланыс жоспарында ұлттық тәрбие туралы іс-шаралар жоспарлаймыз.

Бүгінгі күні бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу үшін, ең алдымен ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан салт-дәстүрімізді, әдеп – ғұрпымызды, діні мен ділімізді, ана тілімізді, мәдениетімізді көздің қарашығындай сақтай отырып, келешек ұрпақты осы асыл қазыналарымыз арқылы тәрбиелеу-кезек күттірмес міндеттердің бірі.

15.12.2021 ж. № M00017

Оқу қызметінде дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді

қолданудың маңыздылығы

ДОСҚҰЛОВА МАЛИКА ӘЛІБЕКҚЫЗЫ

*Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы «Кел балалар» мектепке
дейінгі ұйымының тәрбиешісі*

Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру – қазіргі кезеңдегі педагогикалық теория мен тәжірибенің маңызды мәселелерінің бірі. Оны мектепке дейін дамыту тиімді. В.А.Сухомлинский айтқандай: «Балалардың мүмкіндігі мен дарындылығының бастамалары саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, саусақтарынан, шығармашылық ойын қоректендіретін өте жіңішке жылғалар сынды жіптер тарайды. Баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады». Педагогтардың пайымдауы бойынша-барлық балалар дарынды. Сондықтан дарынын уақытында байқап, сезіп, тәжірибесінде, нақты өмірінде қолдануға мүмкіндік туғызу қажет. Ересектердің көмегімен көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, бала жаңа туындылар жасайды (жіппен жұмыс, сурет салу, жапсыру). Қайталанбайтын туындыларды ойластыру барысында ол әрқашан заттың жасалу тәсілдерімен тәжірибе жасайды. Мектепке дейінгі жастағы бала өзінің эстетикалық дамуында қарапайым көрнекі-сезімдік әсерінен түпнұсқалық кейіптің жасалуына бейнелеу-мәнерлеу әдістері арқылы өтеді. Сондықтан оның шығармашылығының негізін қалау керек. Неғұрлым бала жақсы көрсе, естісе, күйінсе, соғұрлым қиялдау әрекеттері маңызды және нәтижелі болады.

Мектеп жасына дейінгі баланың ой-өрісін кеңейту, оны мектепке даярлау сынды мәселелер ата-аналармен педагогтарды көптен бері толғандырып келе жатқаны аян. Сондай өзекті мәселелердің бірі – ұсақ моториканы дамыту мен саусақ қимылын үйлестіру болып табылады. Сөйлеу қабілетінің даму деңгейі саусақ қимылдарының дұрыс қалыптасуына тікелей байланысты екені белгілі. Біздің балабақшада дені сау балалармен қатар, ерекше көмекті қажет ететін балалар бар, олар инклюзивті білім алу үстінде. Сондықтан қолдың ұсақ моторикасының дамуына көп көңіл бөлінеді.

Қазіргі заман талаптарына сәйкес, мектепке дейінгі балалардың саусақ моторикасын дамытуға әбден болады және бұл мәселені бірден қолға алған жөн. Балабақшада тәрбиенің ең маңызды құралы – еңбек. Қарапайым еңбек түрлері барлық топтарда жүргізіледі. Қол еңбегі балалардың ұсақ моторикасына көп әсерін тигізеді.

Ересек топта мен балаларды қызықтыру мақсатында вариативті оқу қызметіне тағы бір еңбек түрін алдым ол түрлі-түсті жіптермен еңбек ету және балаларды ілмекпен тоқу әдіс-тәсілдерін меңгерту. Түрлі-түсті жіппен жұмыс істеу балаларға өте қызықты. Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолдану баланың шығармашылық қабілетін, көркемдік талғамын қалыптастыруда маңызы өте зор. Көркемдік іс-әрекеттің осы еңбек түрімен айналысуы, баланың зейінін өзіне аударып, қиялын шарықтатып, көру арқылы есте сақтауын, қабылдауын, заттың пішінін, көлемін, түсті сезуін дамытады.

Ілмекпен тоқу- ертеден келе жатқан қолөнер түрі. Тоқу жылма жыл жетіліп даму үстінде. Тоқу процесінің өзі қызықтырады, ол баланың шығармашылығы мен қиялын дамытады, одан әр түрлі ғажайып туынды ойлап шығаруға көмектеседі. Ал, дәстүрлі емес шығармашылық түрі-тоқуда, ең қажетті сәт — бұл шыдамдылық. Өз бетімен орындалған жұмыс әрине баланы әрі қарай жұмыс жасауға жетелейді. Бұл дегеніміз алда қызықты және ұшқыр кезеңдерді рет-ретімен атқарамыз деген сөз. Өнер және шығармашылықпен айналысқан баланың жетістіктеріне қуана білуі өте маңызды, себебі оның қоршаған ортамен үйлесімі пайда болады. Бұл жұмыс түрі балаларды дамыту құралы ретінде қолға алынып отыр және келесі оқу жылында жалғасын табатыны сөзсіз. Өйткені балалардың ұсақ қол моторикасымен бірге тілі дамиды, қиялы, шығармашылық қабілеттері, қалыптасады. Бұл жұмыста балалар ағаштарды әсемдеп байлау арқылы табиғатты қорғауға, оны сүйе білуге, сонымен бірге табандылыққа, шыдамдылыққа, әдемілікке үйренеді. Тоқыма тоқу қарапайым математикалық түсініктерді де қалыптастырады, өйткені бала 20-ға дейінгі сандарды ілмекпен ілу арқылы игереді және кеңістікте бағдар жасай алады (жоғары, төмен, оңға, солға).

Түрлі-түсті жіппен жұмыс істеу балаларға өте қызықты. Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолданудың баланың шығармашылық қабілетін, көркемдік талғамын қалыптастыруда маңызы өте зор. Көркемдік іс-әрекеттің осы еңбек түрімен айналысуы, баланың зейінін өзіне аударып, қиялын шарықтатып, көру арқылы есте сақтауын, қабылдауын, заттың пішінін, көлемін, түсті сезінуін дамытады. Ең алдымен, жіптен жасалған суреттерге көңілдерін аударып таныстырдым. Балаларға ойын үшін қолдан тоқылған тоқыма бұйымдары өте ыңғайлы: оны созуға да, біріктіруге, ілгектерді бір-біріне қосуға да болады. Жіптер созылады, бірігеді, сондықтан «сырнай» ойынын елестете аламыз. Түрлі-түсті жіптерді қатты қағазға жапсырып «Қонжыққа» арналған кілемше жасауға болады. Жіптерді қолмен ұстағанда жұмсақ па, үлпілдек пе, қалың ба, жұқа ма, суықпа екенін балалар ажырата біледі. Балаларды екі топқа бөліп, ойын жарыс ұйымдастыруға да болады: «Қай топ көбірек жіп орайды». Бұл «ғажайып жіптердің» тағы бір кереметі қыс мезгілінде балабақша ағаштарына алашалар тоқып байладық, ата-аналар тарапынан да қызуғышылық танытқандар болды. Бала бұл жерде өзін сиқыршы сияқты керемет сезінеді.

Жіппен, матамен түрлі жұмыстар орындау нәтижесінде балалардың басқа жұмыс түрін білуге деген қызығушылық пайда болады. Бөлшек мата еді, одан жіп қана қалды. Әр түрлі жіптерді керегінше дайындап алып, түстерін атаймыз. Дайын элементтерді араластыра отырып, бала қиын композицияларды еш қиындықсыз орындай алады.

Еңбек жұмысын жүргізу барысында балалар қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен, бұйымдарымен, қазақтың киімдері, бұйымдар ішінде көрпеше, түскиіз, кілем сияқты ұлттық заттармен жақын таныстырылды. Балалар халықтың қолөнерінің алуан үлгілерімен танысты. Жоғарыда айтып өткендей түрлі-түсті жіппен жұмыс істеу барысында балалардың ойлау, қабылдау, есте сақтау қабілеттері дамиды. Сонымен қатар, шыдамдылық, төзімділік қасиеттері қалыптасады, бастаған жұмысын аяқтауға, еңбек нәтижесіне жетуге ұмтылады. Балалардың еңбек еткенде, жіптерді тарқатқанда қол қимылы ұсақ моторикасы дамиды.

Еңбек ету жұмысы – бұл да басқа сабақтар сияқты балалардың ерте дамуына қажетті, өте маңызды жұмыстардың бірі. Балаға сөйлеу қандай қажет болса, еңбек ете білу де сондай қажет. Мектепке дейінгі жастағы балаларды халқымыздың ою-өрнегі, қолөнер мәдениетінің негіздерін балабақшадан үйрету – балалардың эстетикалық көзқарасы мен талғамын дамытудың бірден бір жолы болып табылады. Соның бірі – ұлттық сәндік қол өнері. Көркем өнер балаларға қуаныш әкеледі, жағымды эмоциялық көңіл-күй қалыптастырады, шығармашылық қабілеттерінің, тілдерінің дамуына көмектесіп, қоршаған ортаға терең мән бере, қызыға қарауына жетелеп, жақсылыққа үйреніп, әсемдікке талпындырады. Өнер әлеміне балаларды тарту, оларды жастайынан өнерге баулу – күрделі процесс болып саналады. Түрлі-түсті жіптермен жапсыру жұмысында ұлттық заттарды қарап, талдап, түр-түсін, ою-өрнектерін атап, орналасуы жайында мағлұмат беріледі. Оқу іс-әрекеті барысында тақырыпқа сәйкес жаңа білім дағдыларын меңгерту алдында мына әдіс-тәсілдер қолданылады: көркем сөз (өлең жолдары, жұмбақтар, көркем өнер туындыларын әңгімелеу); дидактикалық ойын тапсырмалары: «ұлттық ою-өрнекті ата», «өрнекті құрастыр». Түрлі-түсті жіптермен жұмыс істеу барысында тақырыптарды күрделілендіре отырып, балалар «аяққап», «дастарқан», «табақты өрнектеу», «әжеме орамал», «қамзолды әшекейлеу», «кілемше», «көрпеше», т.б. тақырыптарында жапсыру жұмыстарын жасайды. Жапсыру жұмысында: анаға сыйлық, сәукеле, әдемі гүлдер, қуыршаққа көрпе құрап, қазіргі тұрмыста қолданылатын ұлттық бұйымдарды пайдалана салыстырып, айырмашылығын білуге үйренеді. Түрлі-түсті жіптермен еңбек ету оқу іс-әрекетінде алдын ала үлкен жұмыс жүргізіледі. Жұмыстың бұл түрін игеруде ата-аналар көп көмек көрсетті.

Балабақшадағы қызықты осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыру барысында қолданылатын көркем сөздердің ұсынылуы да маңызды. Балалар

жіппен жұмыс жасау арқылы өздері қарапайым тәжірибе жасауды да үйренеді. Сол сияқты балаларға дәстүрден тыс әдістің: баспамен, түр-түсті жіппен, тақшамен, желіммен, қажетсіз заттармен еңбек ету әдістері балалардың саусақтарының ұсақ бұлшық еттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл күрделі техника, бірақ нәтижесінде еңбектің ақталғанын көрудің өзі бала үшін ерекше әсер етеді, шығармашылық қабілеттерін арттырып, эстетикалық талғамын дамытады. Қол еңбегімен айналысудың маңызы зор.

Балалармен еңбек жұмысын жүргізу барысында, балалардың қарым-қатынасы, белсенділіктері, достық жауапкершілік сезімдері оянып, өз ісіне сенімділіктері арта түсті. Балалардың шығармашылық ізденіске талпынатындығы, іс әрекет жұмысын талдауға, қорытынды жасай білетіндері байқалды. Қол еңбегі жұмысын жүргізуде аталған сапалы қасиеттер баланың мектепке дайындығына, және мектепте оқуына өте тиімді болмақ. «Шебердің қолы артық, өнердің тілі артық» - дейді халық.

Болашақта осы еңбек түрін балалармен әрі қарай жалғастырып, күрделендіріп, қызығушылықтарын арттырып, балаларға жеткізіп үйрету. Жастайынан еңбекке бейімделген бала мектепте, кейін өздігінен ұйымдасқанымен, жинақтылығымен, өз-өзіне қызмет көрсете білуімен ерекшеленеді.

Әдебиеттер.

1. Новикова, И. В. Вязание крючком в детском саду/И.В.Новикова; худож. Е.А.Афоничева -Ярославль: Академия развития,2017.— 112
2. Ерёменко Т.И. Кружок вязания крючком. – М., 2015 г.
3. Максимова М., Кузьмина М. Вязание крючком. – М., 2009 г.
4. Андреева И.А., Рукоделие. Популярная энциклопедия.- М., 2017 г.
5. Ғаламтор
6. Жарова Л.В. Учить самостоятельности. - М.: «Просвещение», 2013.

15.12.2021 ж. № M00018

Тәрбиеші болу - бақыт

ДҮЙСЕМБАЕВА ВЕНЕРА ЕРКІНҚЫЗЫ

*Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы «Кел балалар» мектепке
дейінгі ұйымының тәрбиешісі*

Өскелең ұрпаққа тәлім тәрбие сіңіру, болашаққа жарқын бақыт-бағдар беру, келешекке кемел боларлық ақыл-парасат меңгерту аса жауапты іс екені мәлім.

Балалармен жұмыс жасау-үлкен бақыт. Себебі, тек қана бала ешнәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақанымға қойып, өз құпияларын айтып маған сенім артады. Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды. Өйткені, мен оларға, олар маған қажеттігіне сенімдімін. Осы сенімнің болуы-әр тәрбиешінің бақыты. Тәрбиеші балаға деген ыстық ықыласын бір сөзбен айтып көрсетіп қана қоймай, бар жүрегімен және жан-тәнімен сезіндіреді. Тәрбиешінің жұмысы күрделі де қызықты. Шынымды айтсам, кейде жұмыстан үйге келгенде қатты шаршағанымды сезінемін. Бірақ сол өткізген күндерімді ой елегінен өткізе отырып, балаларымның ыстық ықыласын, маған ұмтылған үміт толы көздерін, тәтті қылықтарын, сәбилік шын жүректерімен айтқан сөздері есіме түскенде шаршағанымды ұмытып кетемін. Балаларды ана тілінде әдемі сөйлетуге олардың ой-сезімдерін анық, еркін, көркем жеткізе алуына, танымдық қабілетінің дамуына ерекше мән беремін.

Мөлдір бұлақтың бастауын, көзін ашып, тұнығына қану үшін қаншама қиында, қызықты еңбек пен тер төгу керек десеңізші! Балабақшада жұмыс істеу кезінде мен өз мамандығымды таңдағанымға ешбір күмән келтірмедім. Менің ойымша, тәрбиеші-өте қызықты мамандық: сені балалар жақсы көреді және сеннен әрдайым қандайда бір жаңа нәрселер күтеді, ал мен болсам, оларды өмірімен бірге өмір сүремін, табыстарына қоса қуанамын. Осы бір «Балалар әлемінің теңізіне» бір бойласам, ешқашан өз мамандығымды өзгерткім келмейді. Өйткені бала пәк, бала тап-таза мөлдір бұлақтың бастауы сияқты..



Егер «Неліктен тәрбиеші болу-бақыт?» деген сұрақ қойылса, мен былай жауап берер едім:

- әр тәрбиеші таң нұрымен ілесе келген әр сәбидің мөлдіреген көздерін көруімен бақытты;
- әр тәрбиеші сол балалардың періште тілінде сөйлеген бал тілін естуімен бақытты;
- әр тәрбиеші бүлдіршіндердің шынайы да сыңғырлаған күлкісін естуімен бақытты;
- әр тәрбиеші біріне-бірі ұқсамайтын балалардың тәтті де, ерке қылығын сезінуімен бақытты;
- әр тәрбиеші икемсіз саусақтарға жан бітіріп, түрлі дағдылар үйретуімен бақытты;
- әр тәрбиеші қанша балаға қызықты ертегі айтып, қиялын самғатып-ұшыруымен, алғашқы білім беруімен, сауатын ашуымен бақытты;
- әр тәрбиеші сол кішкентай бүлдіршіндерінің ұядан ұшып, өмірдің толқынына қосылып, үлкен, мықты, дарынды азаматтар болғандықтан куә болып, сол балалардың тағдырына аз да болса, өзінің үлесін қосқандығымен бақытты.

Мен де сол бақытты-тәрбиешілердің бірімін. Таңғажайып балалар әлемімен тереңірек танысып, өз өмір тәжірибемнің мейірімінің дәндерін қондыру – менің жұмысымның мәні.

Тәрбиеші мамандығының қызығы мен қиындығы қатар жүреді, себебі біз әр баланың өміріне жауаптымыз. Бірақ мен өз мамандығымды сүйгендіктен, одан ләззат аламын, бақыт табамын.

15.12.2021 ж. № M00019

Бала тәрбиесі - жауапты іс

ЖАҚЫПОВА НАЗЕРКЕ НҰРЛЫБЕКҚЫЗЫ

*Ақтөбе обылысы, Ақтөбе қаласы «Кел балалар» мектепке
дейінгі ұйымының тәрбиешісі*

Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Қоғамның алғашқы ұйтқысы отбасында бала үлкендермен араласады. Баланың қоғамдық әлеуметтік дамуы жанұяда өз орнын алуынан басталады. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай, жақсыға да жаманға да бірдей бейімделгіш. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» немесе «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деген нақыл сөздер тегін айтылмаған. Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы, сөзі, іс-әрекеті арқылы баласына үлгі көрсетеді.

«Сіздер баланы тек сөйлеген кезде ғана, оған ақыл айтқанда немесе бұйрық берген кезде ғана тәрбиелейміз деп ойламаңыздар, — деп жазады А.С.Макаренко — Сіздер оны өмірлеріңіздің әрбір минутында, тіпті өздеріңіз үйлеріңізде жоқ уақыттың өзінде тәрбиелейсіздер, сіздер қалай киінесіздер, сіздер басқалармен қалай сөйлесесіздер немесе басқа адамдар туралы қалай қуанасыздар және ренжисіздер, сіздер достарыңызбен қандай қарым-қатынаста боласыздар, сіздер қалай күлесіздер, газет-журнал оқисыздар — осылардың бәрінің бала үшін маңызы бар». Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірдің тірегі деп санайды.

Отбасында басты мәселелердің бірі — баланың тіршілік іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру. Ол үшін баланың күн тәртібі, жеке басына қойылған талаптар, міндеттер, үй еңбегіне араласуы, білімі, қызығушылықтары, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруына көмектесіп ықпалын тигізу.

Дүниенің ең тамаша туындысы — тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы — оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы — бала тәрбиесінің алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол.

Ата-ана өзінің міндеті мен жауапкершілігін жақсы білуі тиіс:

1. Мәдениетті адам тәрбиелеуге және өз баласын таза өмір сүруге бейімдеуге міндетті;
2. Білім алуына көмектесуге міндетті;
3. Жүйелі білім алуына жағдай жасауға міндетті;

4. Үнемі ата-аналар жиналысына қатысуға, мұғаліммен кездесуге, баласының мектептегі өмірімен танысуға міндетті;
5. Баланың өміріне, денсаулығына зиян келтіретін темекі, арақ, т.б. улы заттарды қолданбауға, олардың балаға зиянды екенін түсіндіруге міндетті;
6. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла» деген қағиданы берік сақтауға міндетті.

Тәрбие жұмысын жүргізу – қиын да күрделі іс. «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлаудан басталады. Себебі, ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды» деген қазақтың белгілі ағартушы педагогі Ыбырай Алтынсариннің ата-ананың бала тәрбиесіндегі атқаратын рөлін айрықша атап көрсеткен бұл сөзі бүгінде өз мән-маңызын әлі күнге дейін жойған жоқ.

Отбасындағы тәрбиенің ең дұрысы – баланы еңбекке баулу. Ол – адамдық кемелденудің негізі. Еңбек ете білмеген немесе оны жек көрген адамның отбасы берекелі болмайды: отбасындағы да, қоғамдық ортадағы да тәрбиеде балаларды еңбек ете білуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу басты нысана болуы тиіс. Сонда ғана отбасы мүшелелері арасындағы қарым-қатынаста әдеп-инабат, адалдық пен ақпейілдік үстем бола алады.

Ұлт тәрбиесі – ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн. Бала бақытының кепілі – ата-ананың өнегелі тәрбиесінде.

Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Үйде балаларды жазу сызуға, ауызша есепке машықтандыру, оларға қызықты әңгімелер айтып беру сияқты істермен қоса оларды бір мезгіл үй шаруасымен айналыстырып отырса, бала үшін оның маңызы зор. Бұл ретте бала біріншіден білімге құштар болса, екіншіден ол еңбекке дағдыланады. Ал еңбек пен білім егіз екенін естен шығармауымыз керек. Жас жеткіншекке жанұяда дұрыс тәрбие берілсе, болашақта одан үлкен нәтиже күтуге болады. Дұрыс тәрбие алған бала ата-анасын қуантып отырады.

Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек мұғалімдер ғана емес әрбір ата-ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, ауланы көгалдандыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыруы керек. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады.

Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі, үлгілі, ақылды, кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата-ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата-ананың бір-біріне деген қарым-қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші —көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып – соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек.

Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу.

Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр — жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

Ана тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй – базар, баласыз үй –мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата-аналар күнделікті өмірде балаларының мінез-құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата-ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі

қажет.

Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс-әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін-өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез-құлықтарды байқайды. Сондықтан ата-ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс-әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуіміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады.

Бүгінгі бала мемлекетіміздің ертеңгі үлкен азаматы, кәсіп иесі. Сондықтан да бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, жас ұрпақты назардан тыс қалдырмаған жөн.

15.12.2021 ж. № M00020

Отбасынан басталатын отансүйгіштік тәрбие тарамдары

АДИЛОВА БОТАГОЗ АКИНГАЛИЕВНА

*Ақтөбе обылысы, Ақтөбе қаласы «Кел балалар» мектепке дейінгі
ұйымының тәрбиешісі*

Ең алдымен тәрбиенің барлығы әрбір отбасынан басталады. Біз адам бойына ең ізгі қасиеттер күннің көзінен, ананың ақ сүтінен дариды деп жатамыз. Демек ананың ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін ештеңемен теңестіруге болмайды. Халқымыз «Ер-елдің иесі, әйел-үйдің иесі» деп тегін айтпаса керек. Баланың бойына ана тіліміздің кәусарін сіңіру, ұлттық дәстүр, салт-санамызды дамыту әрбір ананың қасиетті борышы, осы борышты терең сезінген, ар-ұятты бірінші орынға қоя отырып баласына тәрбие беру ананың міндеті.

Бала бойында Отансүйгіштік сезім мен сананың қалыптасуы отбасы маңызды рөл атқарады. Балалық шағынан бала бойында туған ортасына, үйіне, туған-туыстарына деген жылылық сезім бірте-бірте азаматтық, Отансүйгіштік сезіммен толығады. Осылайша, бала «Кіші Отаны», отбасын сүюден ұлы Отаны қазақ елін сүюді үйренеді.

Отансүйгіштікке тәрбиелеуде қалыптасқан ережелер жоқ. Бұл – отбасы тәрбиесінен бастау алатын ұзақ процесс. Баланың туған үйі мен қоршаған табиғатқа деген қамқорлығы мен сүйіспеншілігін оятпайынша Отанға деген махаббатқа тәрбиелеу мүмкін емес. Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдық, баланың өз анасы мен отбасы мүшелеріне деген сыйластық пен жүрек жылуынан бастау алады. Бала өзінің жеке өміріне қатысты емес қуаныш пен қайғыны жүрегіне жақын қабылдай ала ма? Өзінің жеке қызығушылығынан өзіне жақын жандары үшін бас тарта ала ма? Отансүйгіштік тәрбие де осы мәселелерді назарда ұстаудың маңызы ерекше. Осындай қарапайым, күнделікті өмірімізде кездесетін оқиғалардан бала бойында ізгілік қасиеттер қалыптасады. Әсіресе, отбасында халқымыздың тарихындағы ерекше оқиғалар балаларға үлгі ретінде айтылуы тиіс. Отансүйгіштік сезім мен сана, Отан, ел алдындағы борышты сезіну бала бойында бірте-бірте қалыптасады.

Бала тәрбиесіне халқымыз аса зор көңіл бөлген. Болашақта өзіне сенімді әрі білімді де тәрбиелі азамат қалыптасуы үшін, балаларды сәби шақтан бастап тек жақсылыққа тәрбиелеп, отансүйгіштік пен ұлтжандылыққа баулуымыз керек.

Қазіргі таңда балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесі көкейтесті мәселелердің бірі болып тұрғаны баршамызға мәлім. Осыған байланысты қазіргі білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін мамандар балаларды

тәрбиелеуде азаматтық сезімге, өз Отанын мақтан тұту сезімін қалыптастыру міндеттері қойылады. Баланың өзінің тіліне, дініне, ұлтына деген сүйіспеншілік екенің көзқарасымен, анасының сүтімен беріледі. Бала туғаннан өзінің тілінде әлдилеген ән тыңдаса, мақал-мәтелдер естіп өссе баланың патриоттық сезімі оянады. «Отансыз адам болмас, ормансыз бұлбұл болмас» деген халық нақылы тегіннен айтыла салмаған. Өйткені, Отан деген киелі ұғымды түсіну әр адамның туған жерінен, өз еліне деген сүйіспеншілігінен бастау алады.

Қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен келешек ұрпаққа оқу-білім және тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Ұлттың ғана емес, әр жанұяның бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты.

Мектепке дейінгі жастан бастап балалардың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерін сіңіріп, жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу қажет.

Әр мектепке дейінгі білім беру мекемеде отансүйгіштікті тәрбиелеу келесі бағыттарда жүзеге асырылады: рухани-адамгершілік, әлеуметтік, эстетикалық, өлкетану, еңбек, интеллектуалдық, отбасылармен жұмыс істеу және т.б.

Осы жұмысты жүзеге асыру үшін отансүйгіштікке тәрбиелеу бағдарламасы шеңберінде жүйелі жұмысты тәрбиеші ата-аналармен бірге ұйымдастыруы қажет. Балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі білім беру мекемелерін Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, Отанның тарихи-мәдениет рухани мұрасына тану қызығушылығын дамытуға міндеттейді.

Балабақшадан бастап мемлекеттік рәміздерге, халықтық салт-дәстүрлерге көзқарасы қалыптасады. Әрине, осы мәселені шешуде халық ертегілерінің алатын орны ерекше. Бүлдіршін ертегілердің кейіпкерлерін үлгі ретінде қабылдап, өз жүрегінен өткізеді, эмоция арқылы сезімін білдіреді. Нәтижесінде олар өздерін кейіпкерге ұқсатып, бүлдіршін жасынан бастап адамгершілікке, отансүйгіштікке, әдептілікке бағытталып, балалар өздері жақсы қасиеттерге тартылады.

Мектепке дейінгі білім мекемелерінде рет-ретімен, жүйелі түрде ұйымдастырылған жұмыс нәтижесінде бүлдіршіндерді болашақта жауапкершілігі жоғары, белсенді азаматтық ұстанымы бар, туған өлкесіне қатыстығын сезінетін, халқын, Отанын, отбасын сүйетін, өз азаматтық парызын әрдайым өтеуге дайын болатын тұлға ретінде тәрбиелеуге әкеледі.

Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие баланың танымын кеңейтеді, оны адамдармен қарым-қатынасқа, қоғамдағы өз орнын табуға үйретеді. Жалпы, бала өзін-өзі тәрбиелейді. Үлкендердің міндеті – оған өзінің бейімділігін, қабілеттерін толық ашуға көмектесу әр отбасының өмірі –бүкіл еліміздің өмірінің бөлігі. Сондықтан, бүгінгі бәсекелік өмірге бейім тұлға тәрбиелеуде әр

отбасы қоғам мүддесімен үндесе өмір сүруі керек. Бала тәрбиесіне жауапты баршамыз жан-жақты ізденістеріміз бен және ісімізбен үлгі көрсетуіміз қажет.

Көпұлтты Қазақстан халқына отансүйгіштік қасиетті қалыптастыратын азаматтық келісім, ұлттық бірлік. Қазақстанды мекендейтін әрбір ұлттың өзінің мемлекет алдындағы міндеті –қоғамдық байлықты, яғни мемлекеттің материалдық базасын нығайту, өмірдегі тату-тәтті тірлікті, келісімді жолға қойып, ұлттық бірлікті сақтау

Өткенін білмеген халқының қадірін білмейді, халық нені бастан кешірді, бүгінге қол жеткені ненің арқасы, халық өз тарихын жасау үшін тер төгіп, азап шекті, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, жерін қорғап, елін сақтады.

Бала оны қалай сезінеді, қалай ұғынады, ол біздің берген тәрбиемізге қарай. Ең алдымен ата-ана өзі мемлекеттік нышандарды өзі қалай сезінеді. Осы ащы шындықтардың бірі. Ең алдымен ата-ананың мемлекеттік нышандар туралы білімі болуы керек. Және оның маңызын ұғыну керек.

Асылында, отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруға әсер ететін факторлар – ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық игі дәстүрлер, ұлттық парыз, бірлік және міндет.

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл –қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет.

Әдебиеттер.

1. Өзін-өзі тану.kz журналы. 2019 -2020 жж.

2. Айтуқызы Б. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының

ықпалдастыру әлеуеті // Өзін-өзі тану.kz журналы. 2011

3. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. – «Бөбек» ҰҒПББСО, 2010.

4. Дүкенбаева Г. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.

Алматы, 1992г.

5. Ш.Құдайбердиев Шығармалары (құрастырған М.Жармұхаметов, С.Дәутов. Алматы, 1988)

6. Назарбаева С.А. Этика жизни. Алматы, 2001 г.

7. Абай Кунанбаев Слова назидания. Алматы, Жазушы, 1970 г.

15.12.2021 ж. № M00021

Органикалық қосылыстардың жіктелуі мен номенклатурасы

КАСЫМБАЕВА САУЛЕ БОЛАТОВНА

*Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Кеңсай ауылы,
Кеңсай орта мектебінің химия, биология мұғалімі*

	Сабақ тақырыбы: Органикалық қосылыстардың жіктелуі мен номенклатурасы	
Күні:	Мұғалімнің есімі:	
Сынып: 9	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Оқуға негізделген сабақ мақсаты	Органикалық қосылыстардың жіктелуін білу	
Барлық оқушылармен күтілетін нәтиже	Барлық оқушылар : Органикалық қосылыстардың жіктелуін біледі	
	Оқушылардың басым бөлігі: номеномеклатурасына сай атай алады	
	Кейбір оқушылар: Есептер шығара алады	
Тілдік мақсат	Оқушылар: Органикалық қосылыстардың жіктелуі мен номенклатурасын біледі	
	Негізгі сөздер мен тіркестер: Радикал,гомологтар.	
	Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Радикал,гомологтар.	
	Талқылауға арналған тармақтар: Неліктен зат молекуласындағы атомдардың ретсіз орналаспай ,бір-бірімен валенттілігіне сай байланысады?	
	Сіз неліктен екенін айта аласыз ба?Хим құрылыс теориясы арқылы түсіндіремін.	
	Жазылым бойынша ұсыныстар:Жаттығулар орындап,сөздік дәптермен жұмыс жасайды.	
Алдыңғы оқу	Бұрын алған білімдерін ,яғни қосылыстардың тірі ағзалар тіршілігіндегі маңызын тиянақтайды	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар(төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)	Ресурста р
Басталуы (Кіріспе) (4 мин)	1 Ұйымдастыру кезеңі а)Сәлемдесу;	

	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру «дыбыс беру» Топқа бірігу»суреттер арқылы бірігеді.	
Үй тапсырмасы 3 мин)	«Сен-маған,мен-саған» әдісі бойынша .Шарты:Екі оқушы бір-біріне сұрақ қояды және жауап береді.1 Хим құрылыс теориясын ашқан ғалым?Органик қосылыстардың изомерленуінің неше түрі бар?Органикалық қосылыстардың хим құрылыс ның маңызын айт? Гибридтелген орбиталдардың электрондық тығыздықтары қалай бөлінеді және пішіндері? Бүгінгі сабағымыз « Органикалық қосылыстардың жіктелуі мен номенклатурасы: » деп аталады.	Доп, кесте
Негізгі бөлім (25 мин)	«Болжау» әдісі арқылы топта талқылау.Органикалық заттар қатыса жүретін реакцияларды қалай жүктеуге болады? Органикалық қосылыс молекуласында химиялық байланыстың қай түрі болады? Бос радикал дегенді қалай түсінесің? Ол қалай түзіледі? Органикалық заттардың құрамына не кіреді?Құрамы бойынша жіктендер? Тапсырма№ 2. Молекулалық формулалары C_3H_8O-ға сай заттардың изомерлерінің құрылымдық формуласын жаз. Органикалық қосылыстардың тірі ағзалар тіршілігіндегі маңызын бағалайды Тақырып соңындағы сұрақтарға жауап беру. 1-5 жаттығулар /ауызша/ Оқушылар білімін плюс-минус әдісі арқылы қорытынды жасалады. Шарты:Сабақтың тақырыбымен танысу барысында V-«білемін»,-«мен үшін түсініксіз»,+- «мен үшін жаңа ақпарат»?-«мені таңқалдырды» белгілерін қойып отырып оқу тапсырады.	Флипчарт , түрлі – түсті қаламдар, Ағаш үгідісі,мақта сіріңке Интербел сенді тақта, интернет желісі, көміртек құрылысы

15.12.2021 ж. № M00022

Соңы (13мин)	Топтар өздері жапсырған стикерлер арқылы бағаланады. Кері байланыс «екі жұлдыз, бір тілек».Үйге тапсырмасы: :: Органикалық қосылыстардың жіктелуі мен номенклатурасы . Бағалау «екі жұлдыз, бір тілек»	
Саралау-Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау. Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәна ралық байланы с Қауіп сіздік және қорғау ережелер і АКТ —мен байланыс Құнд ылықтар дағы байланыс
Жетекші сұрақтар арқылы қолдау көрсетемін Тақырып соңындағы жаттығулар орындайды.	Бағалау өзін-өзі «екі жұлдыз, бір тілек»арқылы кері байланыс аламын	Биоло гия,тарих ,географи я Интер активті тақта Эколо гиялық,э кономика лық тәрбие

Рефлексия (4мин) Сабақ/ оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жосапыма қандай өзгертулер енгіздім және неліктен?	Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз?
Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. 2. Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім	

№ M00022 15.12.2021 ж.

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

ГИБАДУЛЛИНА АСЕМ КАИРЛЫХАЛАМОВНА


*Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы Кел балалар № балабақшасының
орталығы топ тәрбиешісі*

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады. Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді. Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі. Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты:Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көнекіліктер:Жеміс пен көкөністің мультфильмі.



Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...

«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.



Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала т.б.)

«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы: Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойыншарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.



Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты: бақ пен бақша салынған.



«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.



Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірімелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс


атаса, сол жеңіске жетеді.

Қайсысы қайда тіршілік етеді?

Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті

ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.



15.12.2021 ж. № M00023

Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік

ШИРБАЕВА ГУЛЬЖАНАТ АРКАБАЕВНА

Алматы облысы Ақсу ауданы "Егінсу орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі

Мұғалім сөзі:

Армандарды жақындатып тым алыс
Біздің жаққа жеткен екен жылы ағыс
Егемендік – ел бақыты, ертеңі
О, халайық! Құтты болсын қуаныш!

Құрметті ұстаздар, ата – аналар және оқушылар! Сіздерді Тәуелсіздіктің – 30 жылдық мерекесімен құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, ашық аспан, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Данасы мен батыры көп қазақпын
Көрген талай қияметін азаптың
Аршындаймын көк туымды шалқытып
Жасай берсін, тәуелсіздік, азат күн

1991 жылы 16 желтоқсанда біздің елімізде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заң қабылданды. Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған армандары мен қайсар рухының жемісі. Кешегі дүниені дүр сілкіндірген желтоқсан оқиғасымен келген тарихымызда алтын әріппен жазылып кеткен **«Елімнің еркіндігі - Тәуелсіздік»** атты тәрбие сағатымызды қабыл алыңыздар.

Батырлықтың уызына жарыған
Ер түркіні байрағынан таныған
Өзі ақын, өзі әнші халықта
Кім айта алар болмаған деп Әнұран

Гимн айтылады.

Мұғалім сөзі:

Тәуелсіздік жолында Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Сәбира сияқты қазақ жастары желтоқсан оқиғасы кезінде қайсарлықпен ерлік көрсетіп, құрбан болды.

Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы
Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы
Өздеріндей өр намысты, жас өркені бар елдің
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы

- Ендігі кезекті оқушылардың тәуелсіздік күніне арналған өлеңдеріне берсек:

Аруна:

Құрметті ұстаздар, ата – аналар, оқушыар сіздерді тарихы тереңде жатқан
16 – желтоқсан тәуелсіздік күнімен құттықтаймын.

Қазақ елім туды жастық дәуірің
Алғандайсыңжұлдыздардың жарығын
Тәуелсіздік құтты болсын ағайын
Тәуелсіздік құтты болсын алыбым
Көк туымыз тек биікте желбіресін

Кәусар :

Тәуелсіздік тәтті ұғым таңдайдағы
Тәуелсіздік бақ бүгін маңдайдағы
Нұрлы күннің осындай сиқы кетсе
Тірлігімнің қалады қандай мәні
Құтты болсын мереке Отандастар
Құтқа толсын елімнің әр қойнауы

Айсар:

Мұз жастанып азаттықтың жолында
Тәуелсіздік туы тұрды қолында
Жеңіп шықтың бас иемедің қарсы алып
Сойыл таяқ ойнасада жаныңда
Отан үшін жанын қтды ұлдарың
Аз болған жоқ азап шеккен қыздарың
Күйініштен ауырады жүрегім
Естігенде желтоқсанның ызғарын

Алинұр:

Желтоқсан – ау ұмытылмайсың жүректе
Ұрпақ өсер айналатын тірекке
Егемендік тиді бүгін еңіңе
Желтоқсаным жеткіздің ақ тілекке
Әр қазақтың есінде сақталады
Желтоқсандық өрендер ақталады
Ел намысын қорғаған сарбаздарым
Ерліктері мәңгілік сақталады

Аружан:

Бірлігі мен ынтымағы халықтың
Көгімізде жарқырайды жарық күн
Ырыс, дәулет, бақыты үшін халықтың
Жайнай берсін, жайнай берсін жарық күн

Тәуелсіздік сибиілердің шаттығы
Тәуелсіздік ақ батасы атаның
Тәуелсіздік, тәуелсіздік жыр әнім
Көк байрағым, елтаңба, Әнұраным

Зерде:

Көтереді шаңырақ Астанама асқақ
Жаңарып қалам, жасарып далам
Басыңнан серпіп бодандық жүгін
Кетпейді ойдан отандық ұғым
Арыстан жүрек айбынды елім
Таниды сені бар әлем бүгін

Раян:

Біз қазақпыз –
Ел үшін атқа мінген
Жанып жатқан лапылдап отқа кірген
Бойтұмар ғып ар – ождан қазынасын
Ерлеріміз ел намысын сақтап жүрген
Біз қазақпыз –
Қастерлеген баба салтын
Аман бол айналайын дана халқым
Күн туса атқа қонам бір сен үшін
Міне қаным, міне жаным, міне антым

Нұржігіт:

Кең байтақ көз жетпейтін елім менің
Таулы орман, жасыл жайлау көгім менің
Бүгінде бар әлемге даңқың жетті
Тәуелсіз қазақстан елім менің

Ақылбек:

Қуан халқым! Қуанатын күн бүгін
Серпіп таста мұңды жүрек түндігін
Шарықтайық, шаттанайық, тынбайық
Тәуелсіздік күнін бүгін тойлайық

Аяжан:

Айналайын тәуелсіздік, айналайын қазағым
Өз тілім бар, өз дінім бар, өз әнім бар азатпын
Ұлы Абай, Шәкәрімнің ұрпағымын қазақпын
Көк бөрідей жасқанбаған жас елдің
Біз бақытты ұрпағымыз қазақтың

1 – сынып оқушыларының орындауда «Көкке өрле» әні

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,
Ел тегі алсын қайдан кемеңгерді» - деп, Ілияс Жансүгіров айтқандай, бұларға

қандай құрмет көрсетілсе де артық емес.

Мұғалім сөзі:

Желтоқсан – жеңіс. Желтоқсан – ұлы жаңалық

Ноқат деп оны нәубетке қойған саналық

Жәнібек, Бұхар, Абылайдан қалған бар болсын

Азаттық! Елдік! Даналық!

Әр адам үшін өмірде қымбат екі нәрсе бар. Оның біріншісі – Ана да, екіншісі – Отан. Өйткені бұлар жайлы сөз қозғағанда елжіремейтін, еміренбейтін жүрек болмайды. Нәресте кезінен өмірінің ақырына дейін, адамдар ардақты, абзал анасын қадірлеп өтеді. Ал Отан деген қадірі мол, қасиетті сезім. Сондықтан біз Ана мен Отанды бірге қосып «Отан – Ана» дейміз.

Ән: «Қазақстан бақытты»

Мұғалім сөзі:

Желтоқсанда жас өмірін жалау еткен қазақтың қайсар ұлы – Қайрат Рысқұлбеков халқымыздың ұлттық батыры ретінде өз есімін ел жадында мәңгілік жазып кетті. Оны екі де бір гүлі ашылмай қыршын кеткен Ләззат Асанова, Сәбира Мұхаметжанқызы аңсаған армандары мен үміт – тілектері арқасында бұл күнде көк туымыз асқақ желбіреп тұр! Жастарымызды болашаққа бастайтын бас қаламыз өнер – білім мен мәдениет пен ғылымның ордасына Тәуелсіз ел екендігімізді, ең алдымен, өзіміз ескеріп, өзіміз мақтан ете білуіміз керек. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз еңселі болғай! – деп тілей отырып, мына жолдармен аяқтағым келеді:

Ту тігілді халқымның бүгін бағына

Жас өрендер, желбіретіп, нық ұста

Ғасырларға жалғастырып елдікті

Дақ түсірме ата – баба рухына

Үлгі бізге аталардың ерлігі

Ұлағаты, өнегесі, еңбегі

Тәуелсіздік туын ұстап жоғары

Бүгінгі ұрпақ – болар елдің ертеңі

Еліміздің ертеңі үшін еш аянбай еңбек етіп, оқу оқып, білім игеру қажет. Жас Тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасының беки түсуі, ұлттар арасындағы ынтымақтастық пен нығайту – ең басты парызымыз деп түсінуіміз керек.

№ L00045 08.12.2021 ж.ж.

ҒАЖАЙЫП МАТЕМАТИКА

КУАНЫШКАЛИЕВА ГУЛСИМ ЗИНАХМЕТОВНА

*БҚО. Жәнібек ауданы Жәнібек ауылдық округі әкімінің аппараты
мемлекеттік мекемесінің МКҚК. "Балдәурен"бөбекжайы тәрбиешіі.*

Мақсаты:Балаларға тапсырма беру арқылы түстерді ажырата білуге, геометриялық пішіндерді тануға,ойын арқылы жеткізе білу.Монтессори және Триз әдістемесінің элементтерін қолдана отырып балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін қол моторикасын дамыту.

Күтілетін нәтижелері: Балаларға тапсырма беру арқылы түстерді ажырата білуге, геометриялық пішіндерді тануға,ойын арқылы жеткізе білді.


.Монтессори және Триз әдістемесінің элементтерін қолдана отырып балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін қол моторикасын дамытты.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Көрсету,таныстыру,сұрақ жауап

Белингвальды сыңары: Үшбұрыш-треугольник, төртбұрыш-квадрат, шеңбер-круг

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-шаралар	Ресурстар
ҰОҚ басталуы	Жылулық шеңбер Үлкен шеңбер құрайық Алақанды ұрайық Күлімдесін күнде Күлімдейік біз де Алақанды ашайық Күннің нұрын салайық Таза ауаны салайық Жүрек жұлуын салайық Енді бәрін қонақтарға сыйлайық	
ҰОҚ негізгі бөлімі	Музыка ойналады топқа үрленген шар ұшып келеді ішінде хат болады.Шарды жарып хатты оқи бастағанда музыка ойналып экраннан аю сөйлейді. Аю: сәлем достар сәлем балалар мен сендерге хат жолдаған себебім менің Маша досым орманда адасып қалды соны таба алмай жүрмін соны табуға көмектесіңдерші. Аю: балалар сендерде орманға барам деп жолдан адасып қалмаңдар сендер алдымен орманға бармас бұрын картадан жолды көріп	Слайд Слайд

	алыңдар Аю: Таулардың аржағында Орманың аржағында Сандықша бар Іші тола ғажайыпқа Сол сандықшада маша досым тығылып отыр соны маған әкеп беріңдер. Аю: орманға бару үшін жол өте алыс орманға паровозбен бару керек. Балаларды паровозға отырғызу үшін қалталы тактайшадан әр түрлі пішіндерді алғызып сол пішіндер арқылы паровозға отырғызады. Балаларға орманға келгендерін айтып онда көптеген тапсырмалар орындайтындарын айтады. Тақтадағы үш құлыпқа назарларын аудартып құлыптың кілтін ашу арқылы тапсырманы орындайтынын айтады. Сол кезде экраннан төртбұрыш сөйлейді балаларға түсіндіріп құлыптың кілті екенін түсіндіріп бірінші тапсырманың ашылғанын айтады. 1-Тапсырма Топтық жұмыс Триз әдістемесін қолдана отырып пішіндерге ұқсас суреттерді тауып қыстыру. Пішіндер туралы тақпақтар сұрау. Экраннан шеңбер сөйлейді шеңбермен таныстырып екінші құлыптың кілті екенін айтып екінші тапсырманың берілгенін айтады. 2-Тапсырма Жеке жұмыс Тәрелкедегі жемістер мен көкөністерді санау арқылы сандарды тура тауып құрастыру Балаларға 1-10ға дейін санату және орысша ағылшын тілде санату арқылы білімдерін толықтыру. Экраннан үшбұрыш сөйлейді үшбұрыш пішінмен таныстырып үшінші құлыптың кілті екенін айтып үшінші тапсырманың берілгенін айтады. 3-Тапсырма	 Слайд 
--	--	--

	Тәрелкедегі түрлі макарондардан бау өткізу арқылы балаларға санатып түстерін тауып, монтеessori әдістемесі арқылы қол моторикасын дамыту. Ғажайып сәт: Орманда үлкен қорап тұрады ішінен Маша шығады Маша: сәлем достар мен орманда ойнап жүріп мына үлкен қорапқа қамалып қалдым рахмет сендерге мені құтқарғандарыңа менім ішім қатты пысты меніммен ойын ойнайсындарма Сергіту сәті Музыка ырғағымен қимылды жаттығулар жасату. Ойын «Өз орнынды тап» Ал қане балалар өздерінің тұрған пішіндерінді қолдарыңа алып сол пішіндер арқылы паровоздарына отырайық тобымызға қайтайық. Пішіндер арқылы паровозға отырады. Балалар біз аюға Маша досын қайтарайық Машаны аюға жібереді	  
ҰОҚ қорытындылау	Сұрақ жауап арқылы қорытындылау Қане балалар біз кімге көмектестік? Машаны қайдан таптық? Біз қандай тапсырмаларды орындадық? Жарайсындар балалар! мақтап мадақтау	

МАЗМҰНЫ

- *АБЛАЕВА ЖАНАРГУЛЬ САГИДУЛЛАЕВНА*
- *АБИЛ РЫСКУЛЬ АХМЕТОВНА*
- *НАУРЫЗОВА ШАРА МЕЙРАМБЕКОВНА*
- *ДОСҚҰЛОВА МАЛИКА ӘЛІБЕКҚЫЗЫ*
- *ДҮЙСЕМБАЕВА ВЕНЕРА ЕРКІНҚЫЗЫ*
- *ЖАҚЫПОВА НАЗЕРКЕ НҰРЛЫБЕКҚЫЗЫ*
- *АДИЛОВА БОТАГОЗ АКИНГАЛИЕВНА*
- *КАСЫМБАЕВА САУЛЕ БОЛАТОВНА*
- *ГИБАДУЛЛИНА АСЕМ КАИРЛЫХАЛАМОВНА*
- *ШИРБАЕВА ГУЛЬЖАНАТ АРКАБАЕВНА*
- *КУАНЫШКАЛИЕВА ГУЛСИМ ЗИНАХМЕТОВНА*